

**"Байкенже ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы"
Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 410 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 545 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 желтоқсанда № 7846 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Байкенже ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 410 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7203 нөмерімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 23 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Байкенже ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 118 698,8 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 5 304 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 247 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттердің түсімі – 113 147,8 мың теңге;

2) шығындар – 118 698,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;

7) бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары- 0."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезектен тыс LV сессиясының төрағасы

Р. Кутибаев

Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы

Е. Ильясов

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 қарашасы
№ 545 шешіміне қосымша

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2019 жылғы 30 желтоқсаны
№ 410 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Байкенже ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Ішкі сыныбы		
			I. КІРІСТЕР	118 698,8
1			Салықтық түсімдер	5 304
	01		Табыс салығы	176
		2	Жеке табыс салығы	176
	04		Меншікке салынатын салықтар	5 128
		1	Мүлікке салынатын салықтар	12
		3	Жер салығы	220
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 896
2			Салықтық емес түсімдер	247
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	247
		9	Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	247
4			Трансферттердің түсімдері	113 147,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	113 147,8
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	113 147,8
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Функционалдық кіші топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				

				II. ШЫҒЫНДАР	118 698,8
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22 701
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	22 701
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 701
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 701
4				Білім беру	40 946
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	40 946
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	40 946
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	32 762

			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	8 184
6				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 520
	2			Әлеуметтік көмек	1 520
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 520
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1 520
7				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7 561
	3			Елді-мекендерді көркейту	7 561
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 561
			008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2 174
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	185
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 202
8				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	15 503

	1			Мәдениет саласындағы қызмет	15 255
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15 255
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	15 255
	2			Спорт	248
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	248
			028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс шараларды өткізу	248
				3. Таза бюджеттік кредит беру	0
				4. Қаржы активтері мен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
				6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	
12				Көлік және коммуникация	30 467,8
	1			Автомобиль көлігі	30 467,8
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент,	

		124		ауылдық округ әкімінің аппараты	30 467,8
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	30 467,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК